

ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННО-ГУМАНИТАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ



«БЕКІТЕМІН/УТВЕРЖДАЮ»

Оқу – әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор
Проректор по
учебно-методической работе

Кабылбаева Г.А.

« 23 » 01 20 20 г.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
2020-2021 оқу жылына
по образовательной программе 6B01711 «Казахский язык и литература»
на 2020 - 2021 уч. год

Элективті пәндер каталогы ТИГУ Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қарастырылды және ТИГУ Ғылыми кеңесінде бекітілді « 23 » 01 20 20 ж. № 6 хаттама.

Жұмыс берушілермен келісілген:

№ 38 орта мектептің директоры: Бейсенғалиева М.

Қолтоған орта мектебінің директоры: Абдуллаева К.

Гродекова орта мектебінің директоры: Абдирова Г.

Каталог элективных дисциплин рассмотрен на научно-методическом Совете ТИГУ и утвержден на Ученом Совете ТИГУ, протокол № 6 от « 23 » 01 20 20 г.

Согласован с работодателями:

Директор средней школы №38: Бейсенғалиева М.

Директор Култоганской средней школы: Абдуллаева К.

Директор Гродековской средней школы: Абдирова Г.

Тараз 2020 ж.г.

Базалық пәндер (БП) циклы/ Цикл базовых дисциплин (БД)

№	Академиялық кредиттер де/ в академических кредитах	Пән тізімі/ Перечень дисциплин
1 ТК/КВ	3	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Әдебиеттануға кіріспе.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: әдебиет тарихы мен фольклорды одан әрі тереңдетіп түсіну үшін қажетті терминдер мен түсініктер жүйесін қамту, көркем шығармашылықты талдаудың ғылыми принциптерін теориялық тұрғыда пайымдауды үйрету болып табылады. Сонымен қатар, әдебиеттің қоғамдық сана мен өнер түрі ретіндегі ерекшелігін ашу, көркем шығармашылықтың мазмұны мен пішінінің өзгеше сипатын таныту, әдебиеттанудың ғылым ретіндегі тарихи даму заңдылығын байыптау пәннің негізгі міндеті болып табылады.</p> <p>Білуі тиіс/Знать:әдебиеттанудың даму мен қалыптасу жолдарын.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: әдебиеттану ғылымының даму кезеңдері, өзекті мәселелері туралы ойын еркін, шешен жеткізе алу, әдеби – теориялық білімін жазба жұмыстарда сауатты қолдана алу біліктілігін қалыптастыру немесе ауызша айтылғанды қабылдай алуын, ойын ауызша жеткізе алуын, жазылған мәтінді, ақпаратты түсіне алуын және өз ойын жазбаша жеткізе алу қабілетін дамыту.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: мақсатты анықтау және тапсырманы жоспарлау оқытушының көмегімен жүзеге асыру; мақсатты анықтауға оқытушы көмектеседі, ал жұмысты студенттердің өзі жоспарлайды; студенттер мақсатты да анықтайды, жұмысты да жоспарлайды; студенттер жұмысты өз ынтасымен жүзеге асырады: мақсатты, мазмұнын, жоспарды анықтайды және өзі орындайды.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: әдебиеттануға кіріспе оқулығының мәтінімен жұмыс;арнайы бір тақырыпқа пікірталас тудыру; қоғамдағы әр түрлі өзгерістерге байланысты пікір айтуға; ізденуге, дәлелдеуге;логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізуге құзыретті.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Әдебиеттануға кіріспе пәнін өту барысында студенттер әдебиет туралы ғылымның негізгі заңдылықтары мен теориялық қағидаларын меңгереді, сол арқылы одан әрі өтілетін ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы т.б әдебиетке қатысты пәндерді ғылыми тұрғыдан талдап, түсінуге мүмкіндік алады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Әдебиеттанудың негізгі салалары болып табылатын әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің сыны сияқты жеке салаларының өзара бірлігі мен ерекшеліктері туралы. Әдебиеттанудың қосалқы үш саласы: текстология және оның зерттеу объектісі, библиографияның әдебиеттану ғылымындағы маңызы, историографияның ғылыми функциясы. Әдебиеттанудың басқа ғылымдармен байланысы, әдебиеттің даму заңдылықтары мен әлемдік сөз өнерінің ортақ қасиеттері, шығармашылықтың мазмұны мен өзіндік өнер ретіндегі ерекшеліктері қамтылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Қазақ әдебиеті пәнінің мектептегі оқулығы.</p> <p>Постреквизиттер/ Постреквизиты: Ежелгі дәуір әдебиеті.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Әдебиеттану мәселелері.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге жетелеу, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға үйрету. Студенттердің әдеби-теориялық білімдерін тереңдетіп, әдебиеттанушылық-зерттеушілік еңбектің негіздерімен таныстырады. Көркем туындыны жан-жақты зерттеп, талдап, салыстырып, оның көркемдік-идеялық мазмұнын ашудың түрлі тәсіл, амалдарына үйретеді.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: әдебиеттану мәселелерін білу керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: студенттер коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдыларды игеруі.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: қайшылықты, проблеманы шешу; студенттер ой-пікір дербестігі мен еркіндігін барынша көрсету;</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: әдебиеттану мәселері бойынша қайталау сабақтарында, оқыған мәтіндерінен өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру; сабақта проблемалық жағдай жасау; тың деректерден жаңа білімді ала білу, пайдалану, іздену;</p>

		<p>реферат жазу;</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақстанда әдебиет туралы ғылымның туу, қалыптасу кезеңдері. Әдебиеттің өнер ретіндегі ерекшелігі. Оның басқа өнер түрлерімен байланысы және айырмашылығы. Сөз өнерінің қоғамдық сананың айрықша бір сала ретіндегі қызметі. Оның эстетикалық сипаты. Сөз өнерін жасаушы суреткер шеберлігі туралы пайымдаулар, көркем әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық маңызы мен мәні туралы мәліметтер беріледі.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Көркем әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық маңызы мен мәнін, ерекшеліктері туралы мәліметтерді сөз етіледі. Жанр табиғатының тұтас келбеті, болмыс-бітімі яғни тақырыптық-идеялық, композициялық-сюжеттік, образ және образдылық тілдік-стильдік, әдістік-тәсілдік мәселелері әлі де зерттеуді қажеттігі. Әдеби кітаптарды оқығанда ұлттық дүниетаным, сыр мен сымбат секілді критерилерге көбірек мән, шығарманың психологиялық, эстетикалық категорияларын тану, заман өзгерістері мен бүгінгі оқырман талап, тілектерін ескеру, қазіргі қазақ әдебиетінің басты міндеттері, көркем шығармашылықтағы ізденіс проблемасы, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағымдар туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Қазақ әдебиеті пәнінің мектептегі оқулығы.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Тіл біліміне кіріспе.</p>
2 ТК/КВ	5	<p>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Тіл біліміне кіріспе.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: тіл біліміне кіріспе пәні ұлт тілінің ең жоғарғы даму көрсеткіші-әдеби тіл мен оның жалпыхалықтық тілмен, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғындыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: тіл білімінің дамуы мен қалыптасуын, бұл сала бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: студенттің тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; Сөз мәдениетін таныту; Пікірталас мәдениетін жетілдіру; Сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту; Студенттердің логикалық ойлауының бір ізді болуын қалыптастыру; Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша: Студенттерге тіл нормаларын меңгерту; Тілдік сауаттылығын арттыру;</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: мақсатты анықтау және тапсырманы жоспарлау оқытушының көмегімен жүзеге асыру; мақсатты анықтауға оқытушы көмектеседі, ал жұмысты студенттердің өзі жоспарлайды, жұмысты өз ынтасымен жүзеге асырады: мақсатты, мазмұнын, жоспарды анықтайды және өзі орындауға дағдылану.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: тіл білімі саласы бойынша алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға, студенттердің тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру; сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту; шығармашылық қабілеттерін дамыту; қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу; Пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыруға құзыретті.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Бұл пән теориялық және практикалық екі бағытта жүргізіледі. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдіст ері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жайлы түсінік беріліп, қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ Тіл білімі ғылымның іргелі саласы ретінде қалыптасуын кезеңдерге бөлу; әр кезеңдегі ғылыми еңбектердің тіл білімі саласын ілгерілетудегі үлес – салмағын анықтау; кешенді талдау жасау. Белгілі тілші – мамандардың тіл білімі салаларының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлестерін көрсету және жаңа ғылыми бағыттар бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулерге шолу. Студенттерге тілдің мәнін, тілдің тарихи дамуы, фонетика, жазу, лексика, сөзжасам және грамматика, тілдердің классификациясы туралы мәліметтер беріледі.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Әдебиеттануға кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.</p> <p>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Тіл білімінің тарихы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: студенттердің өз ана тілінің (қазақ тілінің) құрылымын терең меңгерту; тілдің фактілерін ғылыми терең түсіне білуге үйрету; ана тілінің туыстас тілдермен генетикалық жақындығын меңгерту; басқа да туыс</p>

	<p>емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыра білуге дағдыландыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: тіл білімінің дамуы мен қалыптасуын, бұл сала бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: тіл білімінің тарихы-жалпы тіл ғылымының, соның ішінде тіл туралы ғылымның да дамуы бұрын белгісіз тың объектілерді, проблемаларды, зерттеудің жаңа амал-тәсілдерін туғызатыны, осы қағидаға сәйкес тіл біліміндегі әдістер, олар жөніндегі әр түрлі көзқарастар жинақталып түсіндіріледі. Тіл білімінің тарихын қалыптастырудағы ғалымдардың еңбектерін білу керек.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: мақсатты анықтау және тапсырманы жоспарлау оқытушының көмегімен жүзеге асыру; мақсатты анықтауға оқытушы көмектеседі, ал жұмысты студенттердің өзі жоспарлайды, жұмысты өз ынтасымен жүзеге асырады: мақсатты, мазмұнын, жоспарды анықтайды және өзі орындауға дағдылану.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: студенттерді өз бетінше талдауға; жоспарлауға, жинақтауға; қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге; өзін-өзі бағалауға; өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге; нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Пән бойынша тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы; тіл білімінің басқа ғылымдар арасында алатын орны, тіл білімінің методологиялық негіздері, жалпы тіл білімінің даму жайы, қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму барысы қамтылады. Студенттерге тілдің мәнін, тілдің тарихи дамуы, фонетика, жазу, лексика, сөзжасам және грамматика, тілдердің классификациясы туралы мәліметтер беріледі.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Тіл білімінің зерттеу нысаны мен тілдің анықтамасы, тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын айқындау, тілдің шығуы мен дамуы, тіл мен ойлау, тілдің құрылымдық жүйелілік сипаты, тілдің қызиеттері, тілдердің жіктелуі, жазудың шығуы мен дамуы қарастырылады. «Тіл біліміне кіріспе» пәнінде білім алушыларға тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және білім алушыларды тілдік талдау дағдысымен қаруландыру.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Қазақ тілі мектеп оқулығы.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.</p>
3 ТК/КВ	<p>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерін, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: дыбыстардың анатомия-механикалық жақтарын, тіл дыбыстарының жасалуын, классификациясын, фонетикалық заңдылықтарды, дыбыстық өзгерістер заңдылықтарын білу керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: дыбыс өзгерістері заңдылықтарын практикада қолдану, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін орындап машықтану, өздігінен ізденіп мамандану.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: фонетикалық талдау жасау, фонетикалық және практикалық транскрипция. құзыретті болуы тиіс: қазақ тілі фонетикасына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде, дыбыстарға фонетикалық талдау жасауда, фонетикалық құбылыстарды қарастыруда, қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалымдарды тану.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: өзін-өзі дамыта білуі; өзінің қызметін бағалай білуі; негізгі мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі; өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі; өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі; өз бетінше алынған ақпаратты таңдай білуі; түрлі өмірлік жағдайларында тиімді шешім қабылдай білуі;</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілі қазақ ұлтының ажырамас бір бөлігі. Сондықтан ұлттың даму кезеңдері мен ерекшеліктері, мәдени-рухани өмірі оның тілінде табылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен оның дамуы, өзіне тән ерекшеліктері фонетика пәнінің теориялық негізін құраса, оның зерттелуі, синхрониялық, статистикалық, диахроникалық фонетика сияқты зерттеу әдісіне байланысты түрлері; зерттеуде қолданылатын амал-тәсілдер (акустикалық, соматикалық) туралы жалпы мәлімет береді.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Фонетика туралы түсінік. Фонетика, оның нысаны. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістердің мақсаты. Транскрипция мен транслитерация. Дыбыстарды қарастырудың</p>

		<p>аспектілері. Дыбыстардың түрлері және дыбыстар тіркесі. Дауыстылар мен дауыссыздар. Дыбыстық құбылыстар. Буын, бунақ, екпін. Буын. Дыбыс жылысуы. Бунақ. Екпін. Дыбыстардың алмасуы. Буын үндестігі. Тіл үндестігі. Ерін үндестігі. Дыбыс үндестігі. Бейімдестік Үйлестік (ассимиляция). Орфоэпия, графика, орфография. Орфоэпия. Графика. Орфография. Тілдің дыбыстық жағының өзіне тән қасиеттерімен, ерекшеліктерімен, заңдарымен, құрылымымен салаларымен таныстыру. Дыбыстау мүшелері, дыбыс ырғағы, күші, әуені, созылықтылығы және дыбыстардың классификациясы, фонема, фонетикалық единицалар, буын, екпін, дыбыстың өзгеруі мен үндесуі мәселелеріне тоқталу. Сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция редукция мен элизия құбылыстар қарастырылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Тіл біліміне кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазіргі қазақ тілі фонетикасының ғылыми мәселелері.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап, толықтырып бекітіп отыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: дыбыстардың анатомия-механикалық жақтарын, тіл дыбыстарының жасалуын, классификациясын, фонетикалық заңдылықтарды, дыбыстық өзгерістер заңдылықтарын білу керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: дыбыс өзгерістері заңдылықтарын практикада қолдану, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін орындап машықтану, өздігінен ізденіп мамандану.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: фонетикалық талдау жасау, фонетикалық және практикалық транскрипция. құзыретті болуы тиіс: қазақ тілі фонетикасына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде, дыбыстарға фонетикалық талдау жасауда, фонетикалық құбылыстарды қарастыруда, қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалымдарды тануда.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: өзін-өзі дамыта білуі;өзінің қызметін бағалай білуі;негізгі мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі;өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі; өз бетінше алынған ақпаратты таңдай білуі;түрлі өмірлік жағдайларында тиімді шешім қабылдай білуі;</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазіргі қазақ тілі фонетикасының ғылыми мәселелері бойынша табиғи дыбыстардың тіл дыбыстарымен арақатынасы, тіл дыбыстарының жасалуы, олардың сапасы, тілдің ең кіші бөлшегі ретіндегі дыбыстардың қызметі, қазақ тілінің тілінің дыбыстар жүйесі, дыбыстардың бір-біріне әсері, орфографиясы мен орфоэпиясы. Қазақ графикасының даму мен қазіргі жай-күйі туралы нақты ғылыми түсініктер қамтылады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ тілі фонетикасының ғылыми мәселелері бойынша табиғи дыбыстардың тіл дыбыстарымен арақатынасы, тіл дыбыстарының жасалуы, олардың сапасы, тілдің ең кіші бөлшегі ретіндегі дыбыстардың қызметі, қазақ тілінің тілінің дыбыстар жүйесі, дыбыстардың бір-біріне әсері, орфографиясы мен орфоэпиясы. Қазақ графикасының даму мен қазіргі жай-күйі туралы нақты ғылыми түсініктер қамтылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Тіл біліміне кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p>
4 ТК/КВ	5	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Қазақ халқының ауыз әдебиеті пәнін оқытудағы негізгі мақсат-студенттердің білім дәрежесінің өсуі, әдебиетіміздің тарихына тереңдей енуін қамтамасыз ету. Әрбір студент қазақ халқының ауыз әдебиетінің тарихын біле отырып, ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бастау алар тұстарын сезіне білуі қажет. Салт-дәстүрге байланысты ауыз әдебиетінің пайда болуы мен қалыптасуы, қазақ елінің пайда болуына ауыз әдебиетінің әсері жан-жақты қамтылуын алға мақсат етіп қойдық.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерімен.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: студентті дербестік пен өзінділікке баулитын жобалар технологиясының негізінде өзіндік ұйымдастыруға қатысты білік-дағдылар мен шеберліктерді дамытуға, жоспарлау, өз мүмкіндіктерін шынайы қабылдау, ақпаратпен жұмыс істей білу шеберлігі.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: пәнді оқу барысында студент қазақ халық ауыз әдебиетінің мұраларын идеялық ерекшелігі мен көркемдік деңгейін тану мақсатында әдеби талдау жүргізіп, сол дәуірді зерттеуші ғалымдардың еңбектерін сарапқа салу бағытында ғылыми баяндама, рефераттар,эссе жазуға дағдыландыру.</p>

		<p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға; коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға; әдептілік нормаларына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге; нәтижелі өзара іс-әрекетті, оның ішінде басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға; жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобында қатынас (коммуникация) құруға мүмкіндік береді.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ халқының ауыз әдебиеті көркемөнердің салаларымен, тарихымен, этнографиямен, философиямен, психологиямен, педагогикамен және т.б ғылымдар салаларымен тығыз байланысты. Сондықтан халық әдебиеті үлгілерін оқыту барысында пәнаралық байланыстарға да ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара ықпалдасуы, фольклордағы типологиялық тектестік мәселелері де қамтылады. Фольклортану ғылымындағы жаңа зерттеулер мен бағдарлама жүйесінің сабақтастығы да басты назарда болады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ халқының ауыз әдебиеті-жоғары оқу орындарында халықтық сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып отыратын пән. Халық әдебиетінің ежелгі замандардан бастап қалыптасқан үлгілерінің тақырыптық, көркемдік сипаттары фольклортану ғылымының бұрынғы-соңғы зерттеулерінің аясында теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Әдебиеттануға кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: фольклордың жазба әдебиетінің бастауы екендігін ұғындыруды, фольклордың өміршеңдігін, оның әр ғасырдағы үлгілерін салыстырып, фольклортанушылардың еңбектері арқылы түсіндіру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерімен.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: қарқынды технологиямен оқыту үлгісіне студенттердің әрекетін белсенді ету қағидаты жатады. Үлгілеу компоненті проблемалық сұрақтарға, эвристикалық әңгімелерге, ой-талқыға, тренингтерге, ойын технологияларына негізделеді. Ол өзара әрекеттесу, әрекет арқылы үйрету, яғни интербелсенді оқытуды көздейді.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: пәнді оқу барысында студент қазақ халық ауыз әдебиетінің мұраларын идеялық ерекшелігі мен көркемдік деңгейін тану мақсатында әдеби талдау жүргізіп, сол дәуірді зерттеуші ғалымдардың еңбектерін сарапқа салу бағытында ғылыми баяндама, рефераттар,эссе жазуға дағдыландыру.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: халық ауыз әдебиетін оқу барысында студент жазбаша байланысуға, көпшілік алдында сөз сөйлесу. Диалог. Өнімді топтық байланыстар жасауға құзыретті.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Фольклордың тарихы, терең тамырлы табиғатын, синкреттік сипатын таныту, оны өзге ғылым салларымен байланысты (тіл, этнография, тарих, археология, философия т.б). оқытуды қажет етеді.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ халық ауыз әдебиетін оқытуда әлемдік фольклортану ғылымындағы методологиялық ортақтастықтар мәселелері, фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, тұтас көркемдік жүйесі, жанрлары, поэтикалық тәсілдері мен құралдары, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы т.б ауқымды мәселелер жөнінде білім беру мақсаты көзделеді.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Әдебиеттануға кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p>
5 ТК/КВ	5	<p>1.Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины: Этнопедагогика</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: этнопедагогиканың негізгі ұғымдары, ҚР этностарының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы білімін; болашақ мұғалімнің кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттерін (педагогикалық қарым-қатынас, ұтқырлық, педагогикалық такт, әдеп, толеранттылық және т.б.), қоғамдық-саяси, этнопедагогикалық әдебиеттерді талдап зерттеу біліктілігін; этнопедагогика саласындағы ғылыми-ізденіс, шығармашылық жұмыстарға даярлығын;білім алушылардың көпұлтты ортадағы педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктері туралы білімін және этнопедагогикалық жүйені теңестіретін салыстырмалы талдау дағдыларын; білім беру мекемелерінің тәрбиелік іс-әрекеттері тәжірибесіне ҚР этностары педагогикасының негізгі жолдарын, әдістерін,</p>

формалар мен құралдарын енгізу материалдарын түсінуін қалыптастыру.

Білуі тиіс/Знать: халықтың туған ел тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.

Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: этнопедагогика бойынша әлеуметтік әдебиеттерді талдау барысында өздігінен білім алу; әр түрлі халықтардың этнопедагогикалық жүйесін теңестіретін салыстырмалы талдау; этнопедагогика мәселелері бойынша ғылыми-ізденіс, шығармашылық жұмыстары; этнопедагогика материалдарын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: студент теориядан игерген білімін практика жүзінде қолдануды игеруі тиіс; студент зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет, эксперимент жүргізу тәсілін игеруі қажет.

Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді, болашақ кәсіби іс-әрекетте жоғары ойлауды сезіну; таңдаған мамандығының негізгі формалары мен әдістемелерін үйрену; таңдаған мамандығының болашақта жауапкершілігін сезіне білу.

Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер цикліндегі мамандықтарға арналған Кеңес дәуінен кейінгі кезеңдегі тәуелсіз мемлекет жандайында халықтың туған ел тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білуге, тануға, сақтауға деген қызығушылығы арта түсті. Осы тұста ғасырлар бойы ата-баба тәлімімен, тәжірибесімен жинақталып, уақытында дәстүрге енген халықтық педагогиканың қайта өрендеуі мен оны оқып үйренудің танымдық және практикалық мәнділігі зор екендігін көрсетеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Этнопедагогика - белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы, халықтық ғылым болып табылады. Этнопедагогика-халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы.

Пререквизиттер/Пререквизиты: Педагогикалық мамандыққа кіріспе.

Постреквизиттері: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.

2. Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины: Этнопсихология

Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: өзінің пәні ретінде әртүрлі нәсілдер мен халықтардың ақыл-ойының ерекшеліктерін қарастыратын психологияның бір саласы; әлеуметтік психологияның үлкен бөлімі. Екі ғылымның - мәдени антропология мен психологияның тоғысында пайда болған пәнаралық білім саласы.

Білуі тиіс/Знать: Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: - этнопсихологияның жас ғылым саласы екендігімен; адам психологиясының этникалық ерекшелігі, ұлттық мінезін, этностық сана-сезімінің қалыптасу заңдылықтарымен

Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: Қазақстан Республикасындағы этнопсихологияның дамуын талдауды меңгеру.

Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: құралдық: әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет нәтижелері мен үрдістерін түзету және өзіндік бақылау қабілеттілігі, белгісіздік жағдайда кәсіби-педагогикалық және тұлғалық мәселерді шешуге дайындығы; әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерді біртұтас түсіну дағдысын қалыптастыру; оқытудың мақсатын, мазмұнын әдістері мен құралдарын анықтап негіздей білу; сабақтарға конспект және сабақ жоспарлары жасау барысында өз бетінше іс-әрекет пен ынтасын көрсету; тұлғааралық: қарым-қатынасты әлеуметтік-психологиялық механизмдерін игеру, тұлғааралық іскерлігі, топтық жұмыс жасау есептілік; сынып жетекшілері және әдіскерлер мен қарым-қатынас жағдайында конфликт шеше білу қабілеті; жүйелік: білімдендіру,

Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Этнопсихология пәні, оның теориялық - әдіснамалық мәселелері. Этнопсихология әдістері. Этнопсихологияның қолданбалы аспектілері. Өлем халықтарының ұлттық – психологиялық ерекшеліктері. Этнопсихология және қазіргі кезең. Ұлттық психологияның құрылымы. Этнопсихологиялық ойлардың пайда болуы мен даму тарихы. Этносаралық қарым-қатынастың психологиясы тәрбиелеу жүйелерін және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс түрлерін үлгілендіру, әлеуметтік педагогикалық жобалау мен болжау мүмкіндіктеріне көз жеткізу; болашақ оқытушы тұлғасының кәсіби мәнді қасиеттерін және оның белсенді педагогикалық ұстанымдары қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Этнопсихология ғылымның жас салаларының бірі. Ол адам психологиясының этникалық ерекшелігін, ұлттық мінезін, этностық сана – сезімінің қалыптасу заңдылықтарын, этникалық стереотиптерді т.б. зерттейді. Өзге жұрттарда кездесе бермейтін, кездескен күнде де алынып отырған тайпада,

		<p>ұлыста немесе ұлтта, белең алған, сондықтан да, оның қоғамдық әлеуметтік және мәдени дамуына белгілі бір дәрежеде әсер ете алатын, халық бұқарасының басым көпшілігіне тән мінездер мен әдеттер, дәстүрлер, әдеп қалыптарының жиынтығы, ұлттық мүдде және оның түсінілуі мен қойылуы, ұлттық өздік сана /самосознание/ деңгейі осылардың бәрі этнопсихологиялық кешендер ретінде қарастырылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Психологиялық менеджмент.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты Психологияны оқыту әдістемесі.</p>
6 ТК/КВ	3	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: студенттерге қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясы туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты студенттерді ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық және ізденімпаздық ой-пікірін жетілдіру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: Қазақ тіл білімінің лексикология және лексикография саласы бойынша білімгерлерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және зертханалық дәрежеде пысықтап, толықтыру</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: педагогика саласындағы көптеген зерттеушілердің пікірінше, ойын әдісі кәсіби дамуды қамтамасыз етуде ең тиімді әрі болашағы зор тәсіл деп танылады. Ойын барысында болашақ маман нақты кәсіби жағдаятта, нақты проблемаларды өз бетінше шешуге тырысады. Оқу үдерісінде қолдануға тиімді ойындардың ішінен мынадай түрлерін ұсынамыз: рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, имитациялық ойындар</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен лексикография туралы ғылыми-теориялық білімдерін, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты ғылыми ізденіске баулу, шығармашылық және ізденімпаздық ой-пікірін жетілдіріп отыру.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: ақпаратты өңдеу нәтижелерін шектелмеген нысандағы жазбаша өнімде ұсынады, талқылауға ұсынылған айқындалмаға қарсы немесе дәйектемесі бар мазмұндағы жазбаша құжаттарды құрады, өз іс-әрекетінің мақсатына сәйкес жазбаша байланысудың мақсаты мен мекен-жайын анықтайды. Көпшілік алдында сөз сөйлеу аспектісі бойынша деңгейлік көретілімдер. Баяндаманың жоспарын дайындайды, көпшілік алдындағы баяндаманың нормасы мен шегін сақтайды, өз баяндамасының мағыналық блоктарын ерекшелеу үшін үзілістер пайдаланады, пысықтау мен түсінуге берілген сұрақтармен жұмыс жасайды.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ тілінің фразеологиясы, этимологиясы және терминологиясы, сонымен қоса диалектологиясы жайында мағлұмат береді.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Пән өзінің басты қарастыратын объектісіне тікелей қатысты, яғни сөз және ұғым, сөздің ұғымды білдірудегі ерекшелігі, сөздің негізінен атауыштық қызмет атқаратындығы, сөз бен зат, сөздің затқа атау болып қалыптасу ерекшелігі, сөздің семантикалық ерекшеліктері туралы нақты ғылыми түсінік, қазақ тілінің сөздік құрамы мен лексикографиясы туралы лексико-семантикалық тұрғыдан теориялық білім береді.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Тіл біліміне кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: студенттерге қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты тыңдаушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: қазақ тіл білімінің лексикология және фразеология саласы бойынша білімгерлерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және зертханалық дәрежеде пысықтап, толықтыру</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: арнайы берілген жағдайларды үлгілеудің бірден-бір тәсілі – ол тренингтер. Тренинг дегеніміз белгіленген қысқа уақыт ішінде практикалық қолданысқа қажетті білік-дағдыларды игеруге арналған оқу сабақтары. Тренингтерде әр студент кәсіби қызметі мен өзіне жүктелген міндетін орындауда тиімді әрі ұтымды әрекеттерді тандап, оларды бекітуге, үйреншікті дағдыға айналдыруға машықтанады.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: тренингтер арқылы студенттер болашақ қызметіне қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырады, сөйтіп еңбек тәжірибесінің алғашқы кірпіштерін қалайды.</p>

		<p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: өз баяндамасының мағыналық блоктарын ерекшелеу үшін вербальды құралдарды (қисындық байланыс құралдары) пайдаланады., вербальды емес немесе көрнекі материалдарды пайдаланады, тақырыпты дамытуға берілген сұрақтармен жұмыс жүргізеді, байланысу мен мақсатты аудиторияның берілген мақсатымен жұмыс жүргізеді. Байланысу міндетінде барабар көрнекі материалдарды өз бетімен даярлайды және оларды сауатты пайдаланады, өз сөзімен қисындық және шешендік тәсілдерді, аудиториямен кері байланыс тәсілдерін қолданады, айқындаманы жоюға байланысты сұрақтармен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ тілінің фразеологиясы, этимологиясы және терминологиясы, сонымен қоса диалектологиясы жайында мағлұмат береді.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, яғни сөз және ұғым, сөздің ұғымды білдірудегі ерекшелігі, сөздің негізінен атауыштық қызмет атқаратындығы, сөз бен зат, сөздің затқа атау болып қалыптасу ерекшелігі, сөздің семантикалық ерекшеліктері туралы нақты ғылыми түсінік, қазақ тілінің сөздік құрамы мен лексикографиясы туралы лексико-семантикалық тұрғыдан теориялық білім береді.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты:Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы.</p>
7 ТК/КВ	6	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: ежелгі дәуір әдебиеті пәні әдебиет тарихы-әдебиеттану ғылымының құрамдас, негізгі бір бөлімі екендігі, қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандардан бері өзара тығыз байланысты болғандығын түсіндіру. Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі міндеттеледі.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: ежелгі дәуір әдебиетінің кезеңдерін</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: YI-YIII ғасыр, Исламдық түркі дәуіріндегі, Алтын Орда қыпшақ дәуіріндегі әдебиеттердің көрнекті өкілдерінің шығармаларын талдауға бейім болу керек.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: зерттеуші ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын, оқулықтары бойынша бақылау, реферат жұмыстарын жүргізуге дағдылану.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: алынған білімдер мен біліктерді болашақ мамандардың іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі құзыреттілігін қалыптастыру. Топтағы студенттердің бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасында сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, дәстүрді білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері - коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Ежелгі дәуір әдебиетінің үш кезеңнен тұратыны. Бірінші кезең-YI-IX ғасырлар, екінші кезең X-XII ғасырлар, үшінші кезең XIII-XIV ғасырларды қамтитыды. Студенттерге қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін үйрете отырып, ежелгі Қазақстан тарихын үйлестіре оқыту. Қазақ әдебиеттану ғылымының үш салаға бөлінуі. Қазақ әдебиетінің тарихы; Қазақ әдебиетінің сыны; Қазақ әдебиетінің теориясы. Ежелгі дәуір әдебиетінің бірінші кезеңіндегі Оғыз нама, Қорқыт ата, Фарабидің әдебиет туралы ойлары мен «Күлтегің», «Тоныкөк», «Білге қаған» жазба ескерткіштерінің табылуы мен оқылуы. Екінші кезең: Исламдық түркі дәуіріндегі әдебиет тарихы: Қашқарлы Махмұт, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Ахмет Ясауи және С. Бақырғани еңбектерінің маңызы. Осы кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдай. Үшінші кезең: Хорезмидің «Махаббат намасы», «Дүрбек, Құтб. Сайф Сарай сынды ақындардың еңбектері.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Ежелгі түркі тілді әдебиет- бертін келе қазақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың көне дәуірдегі әдебиеті, олардың ежелгі түркі ру-ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнері туралы мәліметтермен қоса түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттілігі қамтылған.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины. қазақ халқы өзінің қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, харекет-кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы,</p>

		<p>арман-үміті және т.б. жайында сан алуан түрлі тасқа жазылған ескерткіштер, түркі халықтарының шежірелері, трактаттары, сөздіктер т.б. біздің заманымызға жеткен. Мазмұн-мәні терең ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сипатын танытып, студенттерге тағылым беру көзделеді.</p> <p>Білуі тиіс/Знать:Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: ежелгі түркі ру- ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерінің үлгілерін білулері қажет.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: студенттер бұл курсты оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: топтағы студенттердің бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасында сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, дәстүрді білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері - коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ әдебиетінің тарихы пәніне жалпы шолу. Қазақ әдебиетінің тарихыпәні, мақсаттары мен міндеттері. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. Орхон жазбалары және тарихи шындық. Қорқыт Ата туралы ақиқат пен аңыз. Қорқыт Ата кітабының мазмұны. Оғыз нама дастаны және тарихи шындық. Дастанның нұсқалары мен зерттелу жайы. Дастанның композициялық құрылысы мен мазмұны. Әл Фарабидің шығармашылығы. X-XIIғасырдағы әдебиет. Қашқарлы Махмұттың «Түркі сөздерінің жинағы» атты еңбегі. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. А.Ясауи, А.Жүйнеки, С.Бақырғани шығармалары. «Ақиқат сыйы» дастаны. А.Ясауидің «Даналық кітабы». Сүлеймен Бақырғани шығармалары. XIII-XV ғасырдағы әдебиет. Хорезмидің «Махаббат нама» дастаны. Құтб ақынның шығармашылығы. С.Сарайдың ақындығы. Тарихи тақырыпқа жазылған еңбектер. М.Хайдар Дулати мұралары қамтылады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Азияны, Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректер: Біздің жыл санауымызға дейінгі II ғ «Ұлы жібек жолының» ашылуы ; Сақтардың тайпалық бірлестіктері, аландар мен ғұндар; Сақтардың салт-дәстүрі, наным-сенімі,әдет-ғұрпы, діні; Зороастризм діні. «Авеста» кітабы-ежелгі діни ұғымдар мен мифтік аңыздардың жинағы; «Түрік» сөзінің мәні. Түрік қағандығы (766-940жж). Түрік қағанатының екіге бөлініп кетуі; Қыпшақ қоғамының ертедегі феодалдық мемлекет бірлестігі ретінде өмірге келетіндігі; Түрік мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті-Қарахан мемлекеті (940-1212); «Ұлы жібек жолындағы» ежелгі кен-қалалар; Ежелгі түрік таңбалары. Көне жазу-сызулар. Ежелгі түрік әріптері; Ежелгі түріктердің наным-сенімдері туралы қамтылған.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Қазақ халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p>
Постреквизиттер/Постреквизиты: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.

2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Жыраулар поэзиясы.

Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Аталмыш кезеңдегі пәнде қазақ әдебиеті тақырыптық, идеялық, көркемдік жағынан айрықша ілгерілеу процесін бастан кешіре отырып, жыраулар шоғыры бой көрсеткендігі жөнінде мағлұмат беру. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің қалыптасуы, дамуына мән бере отырып ақындардың шығармаларын жан-жақты талдау. Тақырыптық негізде студенттердің оқу-іздену жұмысын ұйымдастыру және оның орындалуын ауызша жауап-пікірлесу, реферат, баяндама, бірлесе талдау және жеке ізденіс негізінде алдын-ала талдауға дайындалу бағыттында өткізу.

Білуі тиіс/Знать: Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: компенсация және коррекция әдістерін зерттеу, тұтас зерттеуге сәйкес, оларды қолдану, интерпретацияны жасау.

Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: Монолог, диалог, пікірталас, негізінде проблемалық тақырыптар бойынша талқылаулар өткізу дағдылары болуы игеру

Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: пәннің мақсатын, міндеттерін білу, ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келу, тарихи дерек көздерін түсіндіру, қоғамда коммуникативті байланыстарды талдап, көз жеткізе білу, жүзеге асыруды үйрену.

Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: пәнде жыраулар

		<p>поэзиясының алғашқы өкілдері: Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Умбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдерінің шығармаларын идеялық-көркемдік ерекшеліктері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау қамтылған.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетінің тарихы, қалыптасуы, дамуына мән бере отырып Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Марқасқа жырау, Доспанбет, Бұқар жырау, Шалкиіз жырау, Шал ақын тағы басқа да ақындардың туындыларымен таныстыра отырып, әр жыраудың шығармаларының табиғаты, көркемдік сипаты мен түрлерін талдау қарастырылған..</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты:ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті</p>
2 ТК/КВ	6	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихын қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін айқындау. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану. ХХ ғ алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ірі әдеби тұлғалардың романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдерді қатар ала жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік қолтаңбасын бағамдау. Әдеби бағыттардың ерекшеліктер мен ортақ бірлігін нақтылап, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктер мен кемшіліктерін саралау.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиет тарихын; азақ әдебиетіндегі ағымдар мен бағыттарды; қазақ әдебиетінің зерттелу тарихы; ХХ ғасырдағы айтулы тұлғалардың шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалау</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: ақын-жазушылардың шығармаларын оқу, талдау, ғылыми тұрғыдан зерттеуге, өзіндік пікір айтуға,жүйелеуге</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі жанрлардың пайда болу мен өркендеуінің мән-мағынасын ашуда ерінбей еңбек ету мен оқу. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі әдебиеттегі ерекшеліктері; Абай дәстүрі мен үлгісін дамытудың сан-салалы шығармашылық жетістіктерін меңгеру; аударма саласындағы әдеби байланыстарды зерделеу; қазақ әдебиетінің асыл арналарын талдау;</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ елінің әлеуметтік – экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең болған ХХ ғасырдың басындағы небәрі жиырма жылмен шектелетін тарихи қысқа дәуірдегі әдеби процесті қамтитын бұл пәннің аясында студенттерге, болашақ филолог мамандарға аталмыш кезеңдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуыныңой-сана дамуының жайынан мәлімет беріледі.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ әдебиеті тарихи кезеңдерінің ішінда ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті не бары жиырма жылды қамтығанымен де қазақмәдениеті, әдебиеті жалпы руханияты дамуының күрделі кезеңіне сәйкес келеді. Бұл тұстағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси жағдай қазақ әдебиетіне тікелей әсер етті, қаламгерлер шығармашылығында көрініс тапты. Әдеби үдерісте түрлі ағымдар мен бағыттар болды. Қаламгерлердің қоғамдық, саяси көзқарастары әр қилы қалыптасты. Сондықтан да әрбір ақын, жазушының шығармашылық ұстанымын талдап, тану пәннің өзектілігін танытады. Осы күрделі кезең әдебиетін жаңаша көзқараста, мүмкіндігінше жаңа материалдарды, фактілерді қамтып, сол кездегі саяси тарихи, қоғамдық жағдай тудырған жайттарды ескере отырып, қаламгерлер шығармалары арқылы талдап көрсетіп әдеби дамудың қыр-сырларына жете үңілу тұрғысынан түбегейлі білім беруді көздейді.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/ Постреквизиты: Әлем әдебиетінің тарихы.</p>
		<p>2.Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины:Шешендік өнер</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Шешендік өнер пәнін оқытудағы негізгі мақсат-білімгерлердің білім дәрежесінің өсуі, әдебиетіміздің тарихына терендей енуін қамтамасыз ету .Әрбір білімгер шешендік өнер тарихын біле отырып, ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бастау алар тұстарын сезіне білуі қажет. Ел аузында қалған шешендік сөздерді талдап, шешендердің билік шешімдерінің</p>

		<p>көркемдік мәнін ашу, қазақ шешендік өнерін, қазақ шешендерінің талант табиғатын, шығармашылық тұлға ретіндегі даралығын стиль мен поэтика арнасында талдауды мақсат еттік.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: Қазақ шешендерінің даналық сөздерімен және көркемдік бейнелеу құралдарының мектепте қолданылатын түрлерімен. Пән туралы түсініктемемен таныс болу керек. Қазақ би-шешендерінің елді басқарушылығы, қазылық-төресілігі, қазақ тарихындағы осындай халықтық-мемлекеттік тұғырдағы қайраткер тұлғалардың көркемдік-эстетикалық шығармалары туралы мәліметтерді білуі керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, ой тұжырымдауды білуі керек; Әрбір білімгер шешендік өнер тарихын біле отырып, ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бастау алар тұстарын сезіне білуі қажет;</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками Ел аузында қалған шешендік сөздерді талдап, шешендердің билік шешімдерінің көркемдік мәнін ашу, қазақ шешендік өнерін, қазақ шешендерінің талант табиғатын, шығармашылық тұлға ретіндегі даралығын стиль мен поэтика арнасында талдау жасауға дағдылану қажет;</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: шешендік өнер туралы студенттердің білім деңгейлерін тереңдете отырып, осы саланы зерттеген ғалымдардың ой-пікірлерімен танысып, ой түйіндеу, қазақ әдебиетіндегі шешендік сөздерге деген қызығушылығы мен құрмет сезімін арттыру. Шешендік өнер пәнінде шешендер шығармашылығына қатысты шығармаларды әдеби тұрғыда талдауға дағдыланады, қазақ әдебиетіндегі шешендік сөздер туралы студенттердің әдебиетші ретіндегі біліктілігі жетіледі.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Шешендік өнер пәніне кіріспе. Шешендік өнердің ерекшеліктері. Шешендік өнердің тегі мен жанры. Шешендік өнердің қалыптасу, даму кезеңдері. Қазақ шешендерінің мұралары, ерекшеліктері. Тарихи зерттеу принциптері. Шешендік өнердің қалыптасу, даму кезеңдері. Шешендік өнер және шешен тұлғасы. Шешендік өнердің идеялық, көркемдік табиғаты. Қазақ шешендерінің тұлға ретінде қалыптасуы. Қазақ шешендеріне тән өзіндік ерекшелік. Шешендік өнер мен шешен тұлғасын зерттеуші ғалымдар Шешендік сөздердің мазмұндық-пішіндік тұтастығы. Шешендік сөздер мен жыраулар поэзиясындағы мазмұндық-пішіндік үндестік. Шешен талантының қалыптасуы, дамуы. Шешендер стилінің қалыптасуы. Шешендік сөздердегі стиль мәселесі Қазақ шешендерінің шығармашылығындағы шешендік жұмбақтар. Қазақ шешендік сөздеріне тән троптар, зерттелуі. Шешендік сөздердегі метонимия. Шешендік сөздердегі астарлау, символ, синекдоха (мегзеу). Шешендік сөздердегі кекесін, келемеждеу. Шешендік троптарға тән эпитет. Шешендік сөздерде кездесетін эмфаза. Шешендік сөздердегі градация, оның түрлері. Шешендік сөздердегі эвфемизмдер (сыпайылап сөйлеу). Шешендік сөздердегі риторикалық сұрақтар</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Қазақ шешендік өнерін жасаушы шығармашылық тұлғалардың қоғамдағы орны, қызметі, шешендік сөздерінің туу жағдайы, айтылу мақсаты, қоғамдық-әлеуметтік қызметі. Билер дәуіріндегі сөз өнері, би-шешендер әдебиетінің, шешендік өнердің қоғамдық-өзгертушілік қызметі. Шешендік өнер туындылары, алдымен, дәлелді, негізді, бұлтартпас билік шешім түрінде дүниеге келді. Онда сөз өнерінің мінсіз өрілген кестесі, ой мен сөздің жүйесі, шешеннің ойлау ерекшелігі, сөйлеу стилі, талант табиғаты барынша анық көрініс тапты. Қазақ шешендік өнерінің сөз өнерінің саласы ретіндегі болмысы осы арнада кемелдік тапты. Сондықтан қазақ шешендік өнерін, қазақ шешендерінің талант табиғатын, шығармашылық тұлға ретіндегі даралығын стиль мен поэтика арнасында зерттеп оқытамыз. Мәдени мұрамызды жинау, зерделеу, зерттеу бағытында үлкен жұмыстар жүргізілгені белгілі. Қазақ шешендік өнерінің үлгілері, қазақ шешендерінің шығармашылығы мәдени мұра бағдарламасы шегінде әдебиет, құқық, педагогика, тарих салалары бойынша жүргізілген жұмыстарда белгілі дәрежеде қарастырылды және қарастырылу үстінде. Осы пәнде мемлекеттік бағдарлама талаптарына сай ғылыми мәні бар көкейкесті тақырып таңдалып алынды.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/ Постреквизиты: Әлем әдебиетінің тарихы.</p>
3 ТК/КВ	5	<p>1. Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины: Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Әдеби процес пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық тиянақты білім беру, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдармен бағыттарды ажыратуға үйрету, ең бастысы студенттердің ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын, халқымыздың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білу, тану.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: студент теориядан игерген білімін практика жүзінде</p>

қолдануды игеруі тиіс, зерттеу барысында ғылыми принциптердің негізгі функцияларын игере алуы қажет, эксперимент жүргізу тәсілін игеруі қажет

Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: теориялық білімнің негізін біле отырып авторлық, ғылыми шығармашылық идеяларды құра білуге; сыни ойлау тұрғысынан ойлай білуді; дивергентті ойлайды, жағдаяттарды жаңаша шеше білуді игеру керек.

Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: студенттер пікірталасы шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, топтың нәтижеге қол жеткізе алмау себептерін жинақтайды, қарама –қайшылықтар негіздерін анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.

Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Ресей империясының құрамында болған отар елдердің шаруашылығы мен саяси-рухани өмірлері туралы, студенттерге кеңестік кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі қтындықтар мен жаңалықтар туралы жан-жақты мәліметтер беріледі. Аталмыш пәнді игеруде қазақ әдебиеті тарихының кеңестік кезеңіне дейінгі, қазақ әдеби сынының тарихы, әдебиет теориясы мәселелері, ТМД халықтарының әдебиеті, соның ішінде орыс әдебиетіндегі ағымдар мен басты бағыттар, бауырлас түркі халықтары әдебиеті мен «алтын ғасыр» аталатын қазақ әдебиетін жүйелі оқыту мен зерттеудің басты принциптері, әдеби-эстетикалық, қоғамдық-саяси ойлардың маңызы мен мәні қамтылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Міндеттері: Тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдебиеттің байланысын түсіндіру. - Әрбір ақынның шығармашылығына арнайы тоқталып, оның көркемдік-эстетикалық концепциясымен таныстыру. - Ақындар шығармаларына шолу жасау арқылы олардың шығармашылығын толық меңгеру. - Пәнді игеру барысында студенттер ХХ ғасыр басындағы әдеби процестің өтуін, аттары қайта жаңғырған қаламгерлер шығармашылық өмірбаянымен әуеле танысып, меңгереді. Оқыту нәтижелері «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәнін оқу барысында студент білуі тиіс: - жалпы әдебиеттанудағы: әдебиет тарихы, әдеби сын, әдебиет теориясының жаңа бағыттарына арналған ғылыми әдебиеттермен, ондағы теориялық тұжырымдармен, концепциялармен танысып, оларды меңгеруі тиіс; - теориялық білімдерін практикалық қолданбалы мақсаттағы жұмыстармен ұштастыра білуі тиіс; - әдебиеттанудағы жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеруі тиіс. Студент жасай алуы тиіс: - әлемдік, отандық әдебиеттану дамуындағы жаңа тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, өзінің ғылыми көзқарастарын ғылыми форумдар мен семинарларда, конференцияларда еркін жеткізе білуі; - әдебиет тарихындағы әртүрлі бағыттар, тұжырымдар негізінде алған білімдерін өзара ұштастыра отырып аналитикалық талдау жасай алу, осы негізде өз білімдерін кеңейтіп, тереңдете алу; - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстарды жазуда еркін пайдалана білу. Студент дағдылануы тиіс: - алған білімдерін көпшілікке жеткізе білуге, әріптестері мен ғылыми мамандардың алдында өз көзқарастарын дәлелдей алуға; - алған білімдерін одан әрі жетілдіруге, тереңдетуге; - алған білімдері негізінде жаңадан туындаған күрделі мәселелерді шеше алуға дағдылануы тиіс. Құзыретті болуы тиіс: әдебиеттанудың салаларын терең түсініп, алған білімдерін өздерінің зерттеу жұмыстарында және пәнді оқыту жұмыстарында пайдалана білу; Құзыреттілігі: Пәндік – қазақ әдебиеті тарихи кезеңдерін пән ретінде меңгеру арқылы болмысты танып-білу, одан ақпаратты мағлұматтар алу, сөз өнерінің негізінде білім алушының дербес шығармашылық қабілетін, ойлау жүйесін дамытып, біліктілігін арттыру. Танымдық – алған ақпаратты өздігінен өңдей алу, оқыған материалдарын белгілі бір жағдайда қолданып, өз қабілеті мен білімін бағалауы, қажетті мағлұматты елестетіп, сұрыптай ала білуі, оны қолдану жолын меңгерудің дағдысын қалыптастыру. Интеллектуалдық - талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, белгілі бір мәселеге өз пікірін, көзқарасын айта білуге дағдыландыру.

Пререквизиттер/Пререквизиты: ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Постреквизиттер/ Постреквизиты: Әлем әдебиетінің тарихы.

2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Сын тарихы.

Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Әдеби сын тарихы пәні әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға, көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдауға үйрету, ең бастысы студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған.

Білуі тиіс/Знать: қазақ баспа басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек:

Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете таныту. Ғылыми әдістердің қолданылуы, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектерін талдау ұсынылады.

		<p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: сын және сын тарихы бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Шығармашылық бағыттағы ой-толғаулар, өзіндік пікірлер, ғылыми мақалалар мен аннотациялар, түйіндемелер, сараптамалар. М.Әуезовтен бастау алатын қазақ әдеби сынының зерттеушілері: Т.Кәкішев, Д.Ысқақұлы, Р.Нұрғали, Т.Қожакеев, С.Әшімбаев және т.б зерттеушілердің еңбектерінің негізінде әлемдік сыни еңбектермен байланысы мен айырмашылығы туралы мәліметтер қарастырылады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, түсіну, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету. Сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастыру, қазақ әдеби сынның пайда болу, даму, қалыптасу тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту. Пәнді оқу арқылы студенттер бүгінгі әдеби процестегі сынның ролін, болып жатқан көркемдік құбылыстарды тани біледі.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Әлем әдебиетінің тарихы.</p> <p>Постреквизиттер/ Постреквизиты: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті.</p>
4 ТК/КВ	5	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетіне үлес қосқан жазушылармен олардың шығармаларын студенттерге үйретумен қатар, жас ұрпақ бойына ұлт әдебиеті құндылықтарын, ақын-жазушылар мұраларын етене таныстыру, ізденіс, көркемдік қырларын салыстыру, зерделеу арқылы жеткізу.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: қазақ әдебиетіндегі проза, поэзия, драматургия жанрларының ерекшеліктерін</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: әдебиеттану ғылымының даму сатылары туралы</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: әлем және қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктерін меңгере отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдылану.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: көркем туындыларды талдауға, өзіндік пікір айтуға, жаңаша көзқарастарды және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгере отырып практикада қолдануға</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері: Нұрпейісов («Соңғы парыз»), Қабдолов («Менің Әуезовім»), Мұртаза («Ай мен Айша»), Мағауин («Сары қазақ»), Жүнісов («Аманай мен Заманай»), Нұршайықов («Жазушы мен оның достары»), Ысқақ («Ақсу туралы аңыз»), Тоқтаров («Абайдың жұмбағы»), Софы Сматай («Жарылғап батыр»), С.Елубай («Тағзым»), Мұратбеков («Ай туар алдында»), Исабеков («Ай-Петри ақиқаты»), Тарази («Қара жұлдызға сапар»), Жұмаділов («Тағдыр»), А.Жақсыбаев («Тірек»), Қ.Исабаев («Шоң би»), Д.Досжан («Құм кітап»), Б.Мұқай («Өмірзая»), Ә.Сарай («Еділ-Жайық»), О.Сәрсенбай («Шеңбер»), т.б. жазушылардың роман, повесть, әңгімелері қамтылған.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Тәуелсіздікке, саяси еркіндікке ие болған жылдарда, әсіресе, жиырма бірінші ғасырдың басында қазақ әдебиеті кең тынысты кемел шығармалармен толықты. Тәуелсіздік, ұлттық сана-сезім, ұлттық рух, тіл мен діл – ұлт руханиятының маңызды факторлары. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеті, рухани-мәдени құндылықтар, ұлттық идея, ұлттық болмыс жаңа көзқарас, жаңа дүниетаным мұнарасынан бағалануы, жанрлық тақырыптық, тілдік – стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-қоғам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануымен өзекті.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Кеңестік кезеңіндегі қазақ әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ әдеби сынының тарихы.</p>
		<p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: 1980 жылдан кейінгі қазақ әдебиеті</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Қазіргі қазақ әдебиетінің барлық жанрлар бойынша дамығандықтан, осы кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалға, мәдени-рухани жетістіктерге көп көңіл бөлінді. Жазушы еңбегіне, туынды табиғатына назар аудару, шығармашылық жұмыстың қыр-сырын ашу, сол арқылы аталмыш кезең оқиғаларына, рухани құндылықтарға маңыз беру – пәннің негізгі міндеті болып саналады.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: қазақ әдебиетінің Ұлы Отан соғысы, өндіріс тақырыбындағы шығармаларды</p>

		<p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками:көшпелі тайпалық әдебиет, ежелгі дәуірдегі әдебиет, хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы және XX ғасырлардағы қазақ әдебиетін оқу барысындағы алған білімдерін меңгеру</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу; пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыруға құзыретті.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Кеңестік кезең әдебиеті қазақ әдебиетінің құнарын арттырған, құндылығын кеңейткен кезең болды. Жазушыларымыз бен ақындарымыз да қазақ әдебиетін байыту мен дамытудың жолында аянбай еңбек етті. Әрі олар ұлттың рухани қазынасын негіздеді. Соған сай олар да ұлттың санасында мәңгі қала білді. Қазақ әдебиеті адам, қоғам, ұлт, бостандық, тәуелсіздік, елдік мәселелеріне терең бойлай алған ойшыл-философ, тума талант, ірі суреткерлер елдің болашағы мен ертеңіне қатты көңіл бөлді. Талантты қаламгерлердің қолынан туған шығармалар тек бір ұлттың ғана келешегін жасамады, сонымен қатар бүкіл адамзаттың тарихын жасады.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Кеңестік кезең тұсында нағыз қазақ әдебиетінің негізі қаланды. Оған дейін қазақта әдебиет болмады деген сөз емес, дәл сол қазақта бар әдебиеттің өркендеп, кең көсілуіне, құнды да көркем болуына әсер етті. Әдебиет дамып, прогрестік жолға түсті. Қазақ әдебиетінде әлемге танымал шоқтығы биік тұлғалар пайда болды. Олар – А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Дулатұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, І. Есенберлин, Қ. Аманжолов, М. Мағауин, М. Мақатаев. Бұл тұлғалар алып арнаға, адамзат ақыл ойының дариясына айналды.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Кеңестік кезеңіндегі қазақ әдебиеті.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ әдеби сынының тарихы.</p>
5 ТК/КВ	4	<p>1. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазақ әдеби сынының тарихы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Қазақ әдебиеті сынының тарихы студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге, ғылыми әдістерді қолдануға үйрету.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: қазақ баспа басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек: әдебиеттің идеялық, эстетикалық мағынасын тануды, ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын меңгеруі тиіс</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: әдебиеттану ғылымы дамуының негізгі кезеңдерімен және оның өзекті және негізгі проблемаларымен, әдебиеттің көркемөнер ретіндегі негіздері қамтылады; Студенттерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете таныту. Ғылыми әдістердің қолданылуы, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектерін талдау ұсынылады.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: сын және сын тарихы бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық- адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Пән бойынша әлемдік эстетикалық ойдың сын туралы тұжырымдары, сынның әлеуметтік және эстетикалық міндеттері, сыншы дарыны жөніндегі ой-пікірлер, қазақ әдебиеті сынының туып, қалыптасуының негізгі кезеңдері, Қазан революциясына дейінгі кезең және Кеңестік кезеңмен қазіргі кезеңдегі сын жанрының дамуы туралы мәліметтер береміз.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Әлемдік эстетикалық ойдың сын туралы тұжырымы. Сынның әлеуметтік және эстетикалық міндеттері. Сыншы дарыны ол жөніндегі ой-пікірлер. Сын тарихының зерттелу жайы. Қазан революциясына дейінгі әдеби сын жайындағы көзқарастар мен ой-пікірлер. Қазақ әдебиеті сынының туып, қалыптасуының негізгі кезеңдері. Сыни ой-пікірдің ояну және әдебиет сынының туу дәуірі. 1917 жылдан 1937 жылға дейінгі кезең-қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. 1938 жылдан 1991 жылға дейінгі процесс-қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы, әдебиет сынының өркендеу кезеңі қамтылған.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Жалпы тіл білімі. Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ әдеби тілінің тарихы.</p> <p>2. Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазақ әдеби тілінің тарихы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Білуі тиіс/Знать: Қазақ баспа</p>

		<p>басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білу.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: ғылыми әдістердің қолданылда әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктері, сындар мен сыншылардың еңбектері туралы мәліметтерді білу.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау дағдыларын меңгереді.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: әдеби тіл кезеңдерін анықтауда белгілі бір көркем сөз шеберлерінің шығармаларындағы тілдік материалдар, яғни олардың халықтық тілдің мол байлығын жоғары дәрежеде игеруге</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Қазақ әдеби тілінің бастау алған кезеңін анықтау алдымен қазақтың төл әдебиетінің (көркем әдебиетінің) алғашқы нұсқаларын айқындаумен тығыз байланысты. Өйткені көркем әдебиет тілі таңдаулы сөз үлгілерін, жетістіктерін жинақтау. XV-XVIII ғасырлардағы ауыз әдеби тілінің көркем әдебиет стилі (негізінен поэзия), публицистикалық стиль (шешендік, билік сөздер) тәрізді тармақтары болған. Осыған сай қазіргі жетілген ұлттық жазба әдеби тіліміз 4-5 түрлі стильге бөлінеді. Олар көркем әдеби стилі; публицистикалық немесе газет- журнал стилі; ғылыми әдебиеттер стилі; ресми іс қағаздар стилі.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Әдеби тілдің сыр-сипатын ашатын басты-басты белгілері: әдеби тілдің сұрыпталған, өңделген нормаларының болуы; сол нормалардың жұртшылықтың бәріне міндеттілігі және ұзақ уақыт сақталуы; функциональдық-стильдік салаларының болуы; қоғамдық қызметтің әр алуандығы қамтылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты: Жалпы тіл білімі.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты: Қазақ әдеби тілінің тарихы.</p>
6ТК/КВ	5	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Әдебиет теориясы</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Пәнді оқып білудің мақсаты–білімгерлерді әдебиеттану ғылымы дамуының негізгі кезеңдерімен және оның өзекті және негізгі проблемаларымен, әдебиеттің көркемөнер ретіндегі негіздерімен таныстыру; білімгерді сөз өнерінің басты тектері мен түрлерінің дербес табиғатын жете танып білуге жетелеу, ғылыми әдістерді қолдануға, әдебиеттегі басты ағымдар мен бағыттарды ажыратуға үйрету, ең бастысы білімгерлердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: әдебиеттің негізгі құралы – сөз екендігін, сөз күдіреті мен поэтикалық қуатының негізгі қағидаттарын.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: ғылыми талдауға дербес және сыни ойлауға, оқу пәндерін игеру үшін белгілі бір методологиялық базасын білу;</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: әдебиеттану ғылымы жайындағы белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың негізгі идеяларыды меңгеру.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: гуманитарлық пәндер жүйесіндегі әдебиеттану ғылымының орнын, әдебиеттің нысаны мен пәнінің спецификасын, неғұрлым өзекті проблемаларды айқындап, ғылым туралы, оның құрылымы, формалары мен әдістері туралы, негізгі әдеби ағымдар мен бағыттардың дамуы мен негізгі ерекшеліктері туралы түсінігі, әдебиеттің теоретикалық, қолданбалы, құндылықтық аспектілерін айқындауға деген машық-мәнері, күнделікті өмірде және кәсіби өмірге қатысты практикалық шешімдерді негіздеу үшін оларды қолдана білу шеберлігі болуы тиіс.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Сөз өнерінің әр алуан тектері мен түрлерін туғызған тарихи жағдай. Эпос. Лирика. Драма. Бұлардың адам характерін жасаудағы ерекшеліктері мен өмір шындығын суреттеудегі бірлігі. Жанрлық тектелудің шарттылығы. Эпикалық шығармалардың негізгі түрлері:ертегі, мысал, очерк, әңгіме, поэма, повесть, роман, эпопея. Әдеби бағыт, әдеби ағым, әдеби мектеп-әдеби дамудың формалары. Әлемдік әдебиеттегі әдеби ағымдар жайлы.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Шығармашылық және көркемдік әдіс мәселесі. Көркемдік әдістер тарихына шолу. Көркемдік әдіс, стиль, әдеби ағым. Дүние тану, өмірге көзқарас және көркемдік әдіс. Көркемдік әдіс – суреткердің өмір құбылыстарын таңдау, талғау және жинақтау принциптерінің қосындысы. Стиль туралы түсінік. Романтизм, реализм олардың ерекшеліктері. Әдебиет пен өнер хақындағы толғаныстар қамтылған.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Қазіргі қазақ поэзиясы.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты:Стилистика және тіл мәдениеті.</p> <p>2.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Қазақ әдебиетінің теориясы</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: әлемдік әдебиеттің даму тарихын бейнелейтін философиялық идеялардың қалыптасуы мен даму тарихын оқыту; әдебиеттің халықтық сипатын баса көрсетіп, көркемөнер ретіндегі қызметін, оның</p>

		<p>философиялық, ғылыми және діни суреттемелерінің проблемаларын және негізгі ұғымдарын және адам өміріндегі рөлдерін ұғындыру;</p> <p>Білуі тиіс/Знать: әдебиеттанудың ғылым ретіндегі негізгі ұғым-түсініктері мен заңдылықтарын, көркем шығарманы талдау жолдары мен сөз зергерінің сстильдік ерекшеліктерін білу</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: интеллектіні дамыту және таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қызметке үздіксіз білім алу қажеттілігі</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: әдебиеттану ғылымы жайындағы белгілі әдебиеттанушы-ғалымдардың негізгі идеяларыды меңгеру.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: әдебиеттің теоретикалық, қолданбалы, құндылықтық аспектілерін айқындауға деген машық-мәнері, күнделікті өмірде және кәсіби өмірге қатысты практикалық шешімдерді негіздеу үшін оларды қолдана білу шеберлігі болуы тиіс.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Әдебиет туралы ғылым және оның салалары. Әдебиеттану ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы. Алғашқы эстетикалық ой-толғамдар. Әдебиеттің эстетикалық мәні. Аристотель, Әл-Фараби, Абай, т.б. өнер, әдебиет туралы ой-пікірлері. Көркемөнер жайында түсінік. Өмірді образды түрде бейнелеудің шыншылдығы, типтілігі, нақтылығы, эстетикалық тұрғысы. Әдебиеттің таптық, халықтық сипаты. Әдебиет пен саясат. Мазмұн мен пішіннің диалектикалық бірлігі. Мазмұнның пішіннен басымдылығы. Олардың өздеріне тән ерекшеліктері. Көркем шығарманы мазмұн мен пішін тұрғысынан талдау.</p> <p>Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Тілдің халықтық қасиеті. Поэтикалық тілдің ерекшеліктері. Сөздің көп мағыналылығы мен троптар. Көркем шығарманы айшықтау мен құбылту. Көркем шығарманың жанрлық ерекшелігі және тілі. Поэзия мен проза. Өлеңдегі ырғақ пен буын мәселесі. Өлең жүйелерінің даму тарихы. Буындық өлшем және оның түрлері. Ұйқас және оның шумақта атқаратын рөлі. Әдеби процесс-әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Әдеби даму мен дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жалғастық. Туған әдебиетіміздегі көркемдік дәстүрлер турасындағы мәліметтер қамтылады.</p> <p>Пререквизиттер/Пререквизиты:Қазіргі қазақ поэзиясы.</p> <p>Постреквизиттер/Постреквизиты:Стилистика және тіл мәдениеті.</p>
7ТК/КВ	5	<p>1.Пәннің аталуы/Наименование дисциплины: Әлем әдебиетінің тарихы.</p> <p>Пәннің мақсаты және міндеті/Цель и задачи дисциплины: Әлем елдері халықтарының әдебиетіндегі шығармашылық мәселесінің өз елдерінің тарихымен, пәлсапасымен, ғылымымен, көрнек өнері түрлерімен /әуез, бейнелеу, сымбат, сәулет/байланыстылығы тығыз бірлікте қарастырылады. «Әлем әдебиетінің тарихы» пәнін қазақ тілінде өтуде қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы жеке халықтардың әдебиеттерін дүние жүзілік әдеби-мәдени даму аясында қарастырушылықты басты назарымызға аламыз. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін бағдарламаға Ағылшын, Француз, Неміс, Қытай, Үнді, Араб, Иран, Түрік елдерінің ежелгі заманғы, орта ғасырлық, қазіргі заманғы әдеби-мәдени даму тарихын қамтитын тақырыптар енгізілді.</p> <p>Білуі тиіс/Знать: «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Шығыс әдебиеті», «Батыс әдебиеті», «Орыс әдебиетінің тарихы» курстары мен пәндерімен таныс болуы керек.</p> <p>Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: пән бойынша қамтылған барлық тақырыптарды еркін аша алуы, талдаулар жасай алуы, теориялық ұғымдарды анық түсінуі керек.</p> <p>Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: Әлемдік әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейін аралықта мейлінше толымды жүйелеп, саралай алу; Әлемдік эстетикалық тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану, көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастыра алу, меңгеруі керек</p> <p>Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: студенттер пікірталасы шиеленіскен жағдайда одан шығу тәсілдерін пайдаланады, өзекті мәселелерді анықтай отырып, айқындамаларының бірігу мен ажырау тұстарын атайды, топтың жұмыс мақсатына қатысты ұсынылған идеаларға салыстырмалы баға береді.</p> <p>Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Әлем әдебиетінің тарихы – ерекше әлем әдебиетінің, теориялық және азаматтың көркем эволюциясын салыстырмалы талқылаудағы жете зерттеу қағидаларының тарихын зерттеу облысының әдебиеттану ғылымындағы орасан зор тәжірибе. Антикалық дәуір. Мифология. Гомер эпосы. Грек драмасының қалыптасуы. Эсхил-трагедияның «атасы». «Бұғауланған Прометейдің» проблематикасы және әдебиеттік тағдыры. Орта ғасырдың қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті. Орта ғасырдағы героик эпосының пайда болуы. «Роланд туралы жыр» француз халқының эпосы. Куртуаздық әдебиеті: лирика және роман. «Трист Изольда» - серілік роман. ХVІІІғ. Классицизм әдісінің ерекшеліктері. ХVІІІғ.Ағарту дәуірінің әдебиеті. Ағылшын</p>

ағартушыларының ерекшелігі. XX ғ. Әдебиет процесінің ерекшелігі. Негізгі бағыты. Саяси оқиғалардың (әлем соғысы, фашизм) жазушы-демократтарға ықпалы. Капитализмнің жалпы қиыншылығы мен модернистік әдебиет. Фрейдизм және модернистік әдебиеті Б.Шоудың творчествосы. Шығыс әдебиеті: Шығыс поэзиясының жарқын беттері - Фазулли, Навои, Сағди, Фирдоуси. Азия және Африка құрлықтары халықтарының әдебиеті: түрік, парсы, қытай, жапон, үндістан, монғол, африка, орыс әдебиетінің тарихы, А.С.Пушкин, М.Лермонтов, Л.Н.Толстой, Ф.М.Достоевский творчестволары қамтылған.

Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Әлем әдебиетінің процесінің заңдылығын түсініп, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, замандардың мәдениетімен байланыстыра білу керек. Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына танымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін таныстыру керек. Студенттерді жеке шығармаларды талдап жіктеуге, жанрлардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата білуге, маңызды қорытынды түюге үйрету.

Пререквизиттер/Пререквизиты: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Постреквизиттер/ Постреквизиты: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті қазақ әдебиеті.

2. Пәннің аталуы/ Наименование дисциплины: Шетел әдебиетінің тарихы.

Пәннің мақсаты және міндеті/ Цель и задачи дисциплины: Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әрбір шығармадағы өзіндік сипаттамаларымен жәке таныстыру қажет. Студенттерді жеке шығармаларды талдап жіктеуге, жанрлардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата білуге, маңызды қорытынды түюге үйрету.

Білуі тиіс/Знать: шетел әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындылары.

Біліктілігі болуы тиіс/Уметь: әдебиеттану мен әдебиет теориясына қатысты мәселелерді әлемдік деңгейде талдау.

Дағдыларды меңгеруі тиіс/Иметь навыками: шетел әдебиетінің өзекті мәселелерін тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс

Құзыретті болуы тиіс/Быть компетентным: шығармашылық қабілеттерін дамыту; қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерде қолдана білу; пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыруға құзыретті.

Пәннің қысқаша мазмұны/Краткое содержание дисциплины: Шетел әдебиетінің процесінің заңдылығын түсіндіру, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, әдеби бауданыста қарастыру. Әдебиеттегі басты әдіс пен жанамалардың, ағымдардың өнертану мен әдебиеттану үшін әдістемелік бағыт екенін ескере отырып, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына танымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктері қамтылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы/Краткое описание: Шетел әдебиетіндегі шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін айқындай отырып студент жазушының шығармашылығын жан-жақты қарастыры, бағалы деректерді негізінде жан-жақты талдай білуі қажет. Әдеби тектерді тереңірек ұғыну және автордың көркемдік шеберлігін тану.

Пререквизиттер/Пререквизиты: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Постреквизиттер/ Постреквизиты: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті қазақ әдебиеті.